

**«ТАНЫМ» Республикалық Қоғамдық  
Сыйлығы**

**Байқау мақсаты**

Қазақстандағы азаматтық қоғамның құрылуына және дамуына баға жетпес үлес қосқан қазақстандық ҮЕҰ, қоғамдық кеңестер мен қоғам қайраткерлерінің жетістіктерін қоғамдық тану.

**Сыйлық сипаттамасы**

Жүлдемен марапатталған ұйымдар мен жүлдегерлерге тиісті аталым бойынша «Таным» Республикалық Қоғамдық Сыйлығының Лауреаты» атағы беріледі, диплом және естелік мүсінше табысталады. 2018 жылы марапат 16 аталым бойынша берілетін болады (№1 қосымша). Марапаттау рәсімі үкімет өкілдерінің және азаматтық қоғамның қатысуымен салтанатты жағдайда өтеді.

**«Таным» Байқауының ұйымдастырушысы**

«Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ЗТБ.

**Қатысу шарттары мен қатысушылары**

Сыйлыққа үміткерлерді жеке тұлғалар, жеке тұлғалар тобы, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, спорттық мекемелер, бизнес құрылымдар мен кәсіпорындар, ҮЕҰ және мемлекеттік органдар ұсына алады.

Байқауға қатысу туралы өтініш конкурстың ұйымдастырушысының сайтында көрсетілген нұсқа бойынша (№ 2 қосымша) толтырылады.

Сыйлыққа қатысуға өтінім тікелей үміткердің өзімен немесе кезкелген үшінші тараппен берілуі мүмкін.

**Байқауға кім қатыса алады?**

«Таным» Республикалық Қоғамдық Сыйлығына қатысуға үкіметтік емес ұйымдар, Қоғамдық кеңестер және қоғам қайраткерлері шақырылады.

**Байқауды өткізу кезеңдері**

Байқаудың I кезеңі: **15 - 30 қазан, 2018 жыл** - конкурстық талаптарға сәйкес келетін өтінімдерді қабылдау және іріктеу.

Байқаудың II кезеңі: **1 қараша - 15 қараша 2018 жыл** - ашық онлайн дауыс беру.

Байқаудың III кезеңі: **16-17 қараша 2018 жыл** – Бағалау комиссиясының отырысы,.

**Өтінімдерді беру тәртібі:**

-Байқауға қатысу үшін 2018 жылғы 30 қазан сағат 23.59-ға дейін (Астана уақыты бойынша) ұйымдастырушының сайтында (конкурс «Таным» секциясында) № 2 қосымшаға сәйкес форманы толтырып, байқауға қатысуға өтінім беру қажет.

-Өтінім қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады.  
-Өтінімнің барлық бөлімдері толтырылуы қажет. Толық емес ақпарат ұсынылған жағдайда, ұйымдастырушы еш түсіндірусіз өтінішті қабылдамауға құқылы.

-Өтінім формасына жоба туралы бейнеролик қосу ұсынылады, ол үміткердің презентациясына қосымша құрал ретінде қызмет етеді (бейнеролик қосуға кеңес беріледі, бірақ міндетті емес)\*.

\* *Бейнеролик Facebook әлеуметтік желісінде «#танымсыйлығы2018» хэштегімен жарияланып, 13 пункте оған сілтеме берілу керек.*

- Қатысушылар ұсынылған аталымдардың кез-келгеніне бір өтінімнен артық өтінім бере алмайды.

- Қатысушы Форманы толтырғаннан кейін, ұйымдастырушы деректердің дұрыстығын, өтінімнің төмендегі талаптарға сәйкестігін тексереді:

- Өтініш берушінің конкурстық шарттарға сәйкестігі;
- Азаматтық қоғаммен және мемлекеттік билік органдарымен, донорлармен және меценаттармен өзара әрекеттесу тәжірибесі;
- Қызмет барсында алынған нәтижелердің тұрақтылығы;
- Мақсатты топтардың, аймақтың немесе тұтастай елдің өміріндегі жұмыс нәтижелерінің маңызы мен әлеуметтік әсері;
- Тәжірибе мен қызметтің нәтижелерін тарату (мультипликациялық әсер);
- Қызметтің және жүзеге асырылған жобалардың әлеуметтік маңыздылығы;
- Тұрақтылық (жобаның (-лардың) қор құру құралдары)
- Қызметтің мақсатты топтың нақты қажеттіліктеріне сәйкестігі;
- Жұртшылық тарапынан пікірлер мен ұсыныстар;
- БАҚ және әлеуметтік желілерде қызмет туралы ақпарат;

2018 жылдың 1 қарашасы мен 15 қарашасы (қоса алғанда) аралығында Ұйымдастырушының сайтында байқаудың номинанттары үшін онлайн дауыс беру өтеді. Әрбір сайт қонағы барлық үміткерлер туралы ақпаратты оқып, әрбір аталым бойынша бір рет дауыс беруге мүмкіндігі бар.

### **Байқауды қорытындылау. Марапаттау рәсімі**

Жеңімпаздар келесідей анықталады:

1) Онлайн дауыс беру нәтижелері есептеледі және дауыс берушілердің саны бойынша ұпай анықталады:

Дауыс саны*	Ұпай
0-50	1
50-100	2

100-150	3
150-200	4
200-250	5
250-300	6
300-350	7
350-400	8
400-450	9
450-500	10
500-550	11
550-600	12
600-650	13

\* дауыс берушілердің кейінгі саны 650-ден астам адам, 50 дауыс 1 ұпайға тең болады, мысалы 650-700 = +1 ұпай.

2) Бағалау комиссиясының қорытындылары есептеледі және ұпай келесі шкала бойынша анықталады:

<b>Позицияның атауы</b>	<b>Ұпайлар</b>
Үміткердің конкурстық талаптарға сәйкестігі	0-5
Азаматтық қоғаммен және мемлекеттік билік органдарымен, донорлармен және меценаттармен өзара әрекеттесу тәжірибесі;	0-10
Қызмет барсында алынған нәтижелердің тұрақтылығы;	0-10
Мақсатты топтардың, аймақтың немесе тұтастай елдің өміріндегі жұмыс нәтижелерінің маңызы мен әлеуметтік әсері;	0-10
Тәжірибе мен қызметтің нәтижелерін тарату (мультипликациялық әсер);	0-10
Қызметтің және жүзеге асырылған жобалардың әлеуметтік маңыздылығы	0-10
Тұрақтылық (жобаның (-лардың) қор құру құралдары)	0-10
Қызметтің мақсатты топтың нақты қажеттіліктеріне сәйкестігі;	0-10

Жұртшылық тарапынан пікірлер мен ұсыныстар;	0-5
БАҚ және әлеуметтік желілерде қызмет туралы ақпарат;	0-5

3) Онлайн-дауыс беру және бағалау комитетінің ұпайлар саны бойынша жинақталған ең жоғарғы ұпайға ие болған үміткер аталым бойынша жеңімпаз болып табылады.

### **Бағалау комиссиясы**

- Комиссия мүшелері аумақтылық принципі және жұмыс тәжірибесі негізінде таңдалатын болады;
- Комиссия құрамына көрнекті қоғам қайраткерлері, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, БАҚ, блогерлер, мемлекеттік қызметкерлер және т.б. кіреді.
- Номинанттар бағаланғаннан кейін ұпайлар көрсетілген бағалау парағы Ұйымдастырушының сайтында орналастырылады.

Марапаттау рәсімі Астана қаласында болатын VIII Азаматтық форум аясында өтеді (барлық жеңімпаздарға қосымша ақпарат жіберіледі).

Жүлделер белгілі саяси қайраткерлермен табысталады.

### **Байқауға өтінім беру мерзімі:**

**Өтінімдер 2018 жылдың 15 қазанынан 30 қазаны (қоса алғанда) аралығында қабылданады.**

**Қосымша ақпарат: [tanym@gakaz.kz](mailto:tanym@gakaz.kz)**

*\* Ұйымдастырушылар байқау шарттарына өзгерістер енгізуге құқылы. Өзгерістер туралы ақпарат Ұйымдастырушының ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларда жарияланады.*

**2018 жылы «Таным» Республикалық Қоғамдық  
Сыйлығының аталымдары**

1. **«Адам құқықтарын қорғау және көтермелеу»** - адам құқықтарын қорғау және сақтау саласында жұмыс істейтін ҮЕҰ-дар ұсынылады.
2. **«Балалар - біздің болашағымыз»** - әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, балалар үйлерінің түлектеріне даму, оңалту және қолдау көрсету саласында жұмыс істейтін ҮЕҰ-дар ұсынылады.
3. **«Шексіз әлем»** - мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамын интеграциялау және оңалту, әлеуетті дамыту, құқықтарды қорғау, қызметтер көрсету және қолдау саласында жұмыс істейтін ҮЕҰ-дар ұсынылады.
4. **«Инклюзивтік спорт және инклюзивті білім беру»** - инклюзивтік спортты және инклюзивті білім беруді дамыту және ілгерілету саласында жұмыс істейтін ҮЕҰ-дар ұсынылады.
5. **«Тиімді қоғамдық кеңес»** - облыстардың, қалалардың, аудандардың мемлекеттік органдарының (министрліктер, департаменттер, басқармалар және т.б.) қоғамдық кеңестері ұсынылады.
6. **«Әртүрлі тұлғалар, тең мүмкіндіктер»** - гендерлік теңдікті насихаттайтын, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресетін ҮЕҰ-дар ұсынылады.
7. **«Ауылдағы азаматтық бастама»** - қызметі ауылдық жерлерде азаматтық бастамаларды қолдауға және дамытуға бағытталған, мақсатты тобы – ауыл тұрғындар болып табылатын ауылдық елді мекендерді дамытуды көздейтін ауылдық ҮЕҰ-дар ұсынылады.
8. **«Дені сау ұлт – гүлденген Қазақстан»** - қызметі салауатты өмір салтын және денсаулық сақтауды насихаттауға бағытталған ҮЕҰ-дар ұсынылады.
9. **«Таза ғаламшар»** - қоршаған ортаны қорғау, экологиялық білім беру және энергия үнемдегіш технологияларды ілгерілету саласында жұмыс істейтін ҮЕҰ-дар ұсынылады.
10. **«Жыл дебюті»** - 1 жылдан аспайтын уақыт ішінде жұмыс істеп, бірақ қысқа мерзімде азаматтарды жұмылдыруға және ұйымның миссиясын жүзеге асыруда маңызды нәтижелерге қол жеткізген ҮЕҰ-дар ұсынылады.

11. **«Волонтерлікті дамытуға және ілгерілетуге қосқан үлес»** - Қазақстандағы волонтерлік / еріктілік қозғалысты дамытуға қатысатын ҮЕҰ-дар ұсынылады.
12. **«Өмір үшін»** - табысты қайырымдылық қызметпен айналысатын ҮЕҰ-дар ұсынылады.
13. **«Азаматтардың пайдасы үшін серіктестік»** - мемлекеттік органдармен серіктестікте жүзеге асырылатын азаматтардың проблемаларын шешу бойынша табысты жобалары бар ҮЕҰ-дар ұсынылады.
14. **«Белсенді азаматтық ұстаным»** - халықтың азаматтық белсенділігін арттырумен, көшбасшыларды даярлаумен, халықты жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріне оқытумен айналысатын ҮЕҰ-дар ұсынылады.
15. **«Бейбітшілік пен келісім - конфессияаралық диалог негізі»** - діни салада жұмыс істейтін ҮЕҰ-дар ұсынылады.
16. **«Азаматтық қоғамның дамуына қосқан үлес»** - Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның дамуына елеулі ықпал еткен қоғам қайраткерлері үшін арнайы аталым.

**«Таным» Республикалық Қоғамдық Сыйлығы байқауына қатысу  
үшін  
Өтінім формасы**

1. Үміткердің толық аты-жөні / атауы:
  - мемлекеттік тіркеу куәлігіне сәйкес (ұйым үшін);
  - Ережеге сәйкес;
  - жеке куәлігіне сәйкес (әлеуметтік желідегі бүркеншік есім).
2. Үміткерді ұсынушының ТАЖ;
3. Ұйым өтінім қалдырған «Таным» Республикалық Қоғамдық Сыйлығының номинациясының атауы;
4. Үміткер ұйымының байланыс ақпараты: (телефон, электрондық пошта, пошталық мекенжайы);
5. Сыйлық алу үшін үміткердің миссиясы:
  - ұйымның;
  - қоғамдық кеңестің;
  - жеке мотивация («Қоғам қайраткері» аталымы үшін)
6. Сыйлыққа үміткердің нақты мақсатты тобы;
7. Сыйлық алуға үміткердің қызметінің сипаттамасы;
8. Қызмет Қазақстандағы азаматтық қоғамды дамытуға, мақсатты топтың, бүкіл аймақтың, еліміздің өміріне қандай маңызды әлеуметтік үлес қосты;
9. Неліктен нақты осы үміткердің (ұйым, қоғамдық кеңес, қайраткер) «Таным» Республикалық Қоғамдық Сыйлыққа ұсынылу керектігін дәлелдейтін қосымша ақпарат.
10. Үміткерге мінездеме бере алатын екі ұйымның атауын және байланыс деректерін көрсетіңіз;
11. Өтінімді толтыру күні;
12. Сыйлық алуға үміткерді ұсынған тұлғаның және / немесе ұйымның деректерін және байланыс ақпаратын көрсетіңіз;
13. Facebook әлеуметтік желісіндегі бейнероликке сілтеме (бейнеролик қосуға кеңес беріледі, бірақ міндетті емес)